

## Әскери полиция органдарына алғашқы қызметке тұратын адамдардың сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің 2005 жылғы 24 наурыздағы № 120 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 15 сәуірде тіркелді. Тіркеу № 3563. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 528 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 31.05.2023 № 528 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жана редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.03.2018 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Әскери полиция органдары туралы" Заңын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Әскери полиция органдарына алғашқы қызметке тұратын адамдардың сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өту қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 02.03.2018 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштері Әскери полициясы бас басқармасының бастығына жүктелсін.

3. Бұйрық ресми түрде жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі*

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2005 жылғы 24 наурыздағы  
№ 120 бұйрығымен бекітілген

## **Әскери полиция органдарына алғашқы қызметке тұратын адамдардың сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өту қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2021 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарына (бұдан әрі – әскери полиция органдары) алғашқы әскери қызметке тұратын адамдардың сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өту тәртібін айқындайды.

2. Әскери полиция органдарына алғашқы әскери қызметке қабылданатын адамдармен (бұдан әрі – кандидаттар) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери полиция құрылымдық бөлімшелерінің бастықтары тиісті сөйлесу парагын рәсімдеумен әңгімелесу жүргізеді.

Кандидаттарға әскери полиция органдарының әскери қызметшісіне қойылатын, екі ай бойы сынақ мерзімін, оның ішінде бір айы Әскери полиция мамандарын даярлау орталығында (бұдан әрі – орталық) оқытып-үйретуге және бір айы тікелей болашақ қызмет орны бойынша тағылымдамадан өтуді белгілеу туралы талаптар жеткізіледі.

3. Кандидаттармен сынақ мерзімінен өту кезеңінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес үш айдан аспайтын мерзімге еңбек шарты жасалады.

## **2-тaraу. Орталықта оқытып-үйрету**

4. Кандидаттар сынақ мерзімінен өту уақытында орталықта бір ай бойы арнайы бастапқы оқытып-үйретуден өтеді.

Арнайы бастапқы оқытып-үйретуден өту кезеңінде кандидаттар орталық аумағына орналастырылады.

5. Арнайы бастапқы оқытып-үйретуден өту кезеңінде орталық бастығының бұйрығымен кандидаттар ауыспалы құрамның тізіміне енгізіледі.

6. Кандидаттар орталықтың оку дәрісханаларын, кабинеттерін, сыйыптарын, кітапханаларды, спорт залдары мен оку құралдарын пайдалана алады.

7. Кандидаттар оку уақытында:

1) мемлекеттік құпияларды құрайтын не таратылуы шектеулі қызметтік акпаратты қамтитын мәліметтерге жіберілмей, әскери полиция органдарының, оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін зерделейді;

2) теориялық білім алады және практикалық дағдылар, әскери полиция қызметтерінің, бөлімшелерінің әрекет ету тәжірибесін алады;

3) белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы бас басқармасы бастығының бұйрығымен бекітілген оку бағдарламасында көзделген оку жұмысының барлық түрлерін орындауды;

4) үлкен бастықтардың занды талаптарын орындауды.

8. Екі және одан көп пән бойынша ағымдағы және қорытынды бақылауда қанағаттанарлықсыз баға алумен сипатталатын оқу жоспарын орындаған кезде кандидаттар орталықтан шығарылады және олар еңбек шарты жасалған әскери полиция органына жіберіледі.

9. Кандидат он немесе одан да көп оқу күні болмаумен сипатталған науқастанған жағдайда кандидат қайта арнайы бастапқы оқытып-үйретуге жіберіледі.

Кандидат он оқу күнінен аз күн науқастанған жағдайда кандидатқа оқытушылардың жетекшілік етуімен оқу материалдары дербес даярлану үшін беріледі.

Кандидат науқастанған жағдайда оны растайтын құжаттар ұсынады.

10. Оқу бітіру емтихандарын табысты тапсырған кандидаттарға мінездеме, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы бастапқы оқытып-үйретуді аяқтау туралы қуәлік беріледі.

### **3-тaraу. Сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өту**

11. Орталықта окуды аяқтағаннан кейін кандидаттар сынақ мерзімінен өту орнына жіберіледі.

12. Сынақ нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған кезде кандидатпен сынақ мерзімінен өтпеген ретінде жасалған еңбек шарты бұзылады.

13. Сынақ мерзімінен табысты өткен кандидат:

1) үш ай ішінде офицерлер құрамының лауазымына;

2) екі ай ішінде сержанттар (старшиналар) мен сарбаздар құрамының лауазымына әскерге шақырылады.

14. Сынақ мерзімінен өтіп жатқан кандидаттарға төлем "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес төленеді.

15. Кандидаттар тағылымдамасының негізгі мақсаты:

1) кәсіби деңгейін және даярлығын анықтау;

2) орталықта алған білімін және кәсіби дағдыларын бекіту болып табылады.

16. Тағылымдама кезеңінде кандидаттар ол тағылымдамадан өтетін тиісті бөлімшениң бастығына бағынады.

17. Әскери полиция органдары құрылымдық бөлімшелерінің бастықтары кандидаттың жұмыс режимін белгілейді.

18. Тағылымдаманың негізгі міндеттері:

1) кандидаттардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі құқық тәртібін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың жолын кесу және одан

сақтандыру бойынша кәсіптік білім алу, шеберлік пен дағдыларды менгеру мен оны жетілдіру;

2) кандидаттарда жеке басының және іскерлік қасиеттерді, тәртіптілікті дамыту;

3) "Әскери полиция органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес кандидаттардың арнайы құралдарды пайдалану дағдыларын менгеру және оны жетілдіру;

4) қызметтік құжаттарды ресімдеу дағдыларын менгеру.

19. Кандидат тағылымдама кезеңінде осы Қағидаларға З-қосымшага сәйкес нысан бойынша әскери полиция органдарының іс жүргізуіндегі қызметтік құжаттармен және жеке тапсырмамен, жұмыс жоспарымен айқындалған ауқымды басқа да материалдармен танысады.

20. Тағылымдамадан өтетін кандидат:

1) атқаратын лауазымы бойынша функционалдық міндеттеріне сәйкес жеке тапсырманы, жұмыс жоспарын әзірлейді, оны тікелей бастық келіседі, бақылайды және әскери полиция органдарының бастығы бекітеді;

2) мамандығы бойынша әскери қызмет өткеру ерекшеліктерін зерделейді;

3) қызмет өткеру тәсілдері мен әдістерін зерделейді;

4) әскери қызмет өткеру дағдыларын менгереді және бекітеді;

5) әскери полиция органдарының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді зерделейді;

6) жеке жұмыс жоспарына атқарылған жұмыс туралы жазбаны уақтылы енгізеді;

7) апта сайын тағылымдама жетекшісінің алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

21. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін әрбір кандидатқа тікелей бастық мінездеме жазады.

Мінездемеде кандидат орындаған тапсырмалардың және жеке жоспарлардың сапасы, қызметтік міндеттерді орындауға оның кәсіби даярлығы дәрежесі, басшылық құжаттарды білуі және оларды жұмыста пайдалана алуы, моральдық-жігерлік қасиеттері, тәртіптілігі, орындаушылығы, жалпы даму деңгейі, тиісті лауазым бойынша қызмет өткеруге дайындығы көрсетіледі.

Кандидаттың сынақ мерзімінен өткенін раставтын барлық материалдар әскери полиция органдарына әскерге шақыру бойынша одан әрі жұмыс істеу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы бас басқармасына жолданады.

22. Орталықтан шығару не сынақ мерзімінен қанағаттанарлықсыз өту нәтижесінде кандидатпен еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде

кандидат әскери полиция органдары бастықтарының әрекетіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

Әскери полиция органдарына  
алғашқы қызметке тұратын  
адамдардың сынақ мерзімінен  
және тағылымдамадан өту  
қагидаларына  
1-қосымша  
Нысан

### Әскери полиция органына кіретін кандидатпен әңгімелесу парагы

P/c №	Әңгімелесу мазмұны	Жауабы
1.		
2.		
3.		
4.		
5.		

Әңгімелесу парагымен таныстым, онда мазмұндалған талаптар:

- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- Кандидат \_\_\_\_\_

(запастағы әскери атағы, қолы, Т.А.Ә. (ол болған кезде)

Әңгімелесуді жүргізген: \_\_\_\_\_

(әскери атағы) (қолы) (Т.А.Ә. (ол болған кезде)

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Әскери полиция органдарына  
алғашқы қызметке тұратын  
адамдардың сынақ мерзімінен  
және тағылымдамадан өту  
қагидаларына  
2-қосымша  
Нысан

Бет жағы:

Қазақстан Республикасының  
Корғаныс министрлігі  
Әскери полиция мамандарын  
даярлау орталығы



КУӘЛЛІК

Ішкі жағы:

Арнайы бастапқы оқудан  
ету туралы  
КУӘЛЛІК № \_\_\_\_\_  
Запастағы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

оның Әскери полиция мамандарын даярлау  
орталығында 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_ – 20 \_\_ жылғы " \_\_ "  
" \_\_ кезеңде оку курсынан еткені туралы берілді  
жәнеменадай білімді көрсетті:

Қоғамдық қауіпсіздікті  
қамтамасыз ету \_\_\_\_\_  
Қылмыстық қудалау \_\_\_\_\_  
Құқықтық даярлық  
және арнайы пәндер \_\_\_\_\_  
Дене шынықтыру дайындығы \_\_\_\_\_  
Әскери полиция мамандарын даярлау орталығының  
бастығы

(әскери атағы) (аты, тегі)  
М.О. 20 \_\_ жылғы " \_\_ "

СВИДЕТЕЛЬСТВО № \_\_\_\_\_

о прохождении специального  
первоначального обучения

Выдано \_\_\_\_\_ запаса

о том, что он прошел курс обучения в Центре  
подготовки специалистов военной полиции в  
период с " \_\_ " \_\_ 20 \_\_ года по " \_\_ " \_\_ 20 \_\_ года  
и показал следующие знания:

Обеспечение общественной  
безопасности \_\_\_\_\_

Уголовное преследование \_\_\_\_\_

Правовая подготовка  
и специальные дисциплины \_\_\_\_\_

Физическая подготовка \_\_\_\_\_

Начальник Центра подготовки специалистов  
военной полиции

(воинское звание) (имя, фамилия)  
М.П. " \_\_ " \_\_ 20 \_\_ года

Ескертпе:

1. Куәлік жылтыр қағаздан жасалған альбом түрінде (өлшемі 297x210  
миллиметр) А4 форматындағы мұқабадан, бет жағы – ашық көгілдір түсті негізде  
, ішкі жағы – ақ түсті негізде.

2. Куәлік мұқабасында мыналар орналасқан:

1) қара түсті жазба жазылған: "Қазақстан Республикасының Қорғаныс  
министрлігі Әскери полиция мамандарын даярлау орталығы";

2) ортасында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция  
органының белгісі бейнеленген;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органы  
белгісінің бейнесі астында – атауы қазақ тілінде жазылған.

3. Куәліктің ішкі жағына типографиялық тәсілмен басылады (толтырылатын  
деректерді ескермегенде, оларға жазылатын жазбалар каллиграфиялық жазумен  
немесе баспа құрылғыларының көмегімен жазылатындей етіп жасалуға тиіс).

4. Куәліктің сол жақ ішкі жағында қазақ тілінде жазылған мәтін, ал он жағында – орыс тілінде жазылған бірдей мәтін көрсетіледі.

Әскери полиция органдарына  
алғашқы қызметке тұратын  
адамдардың сынақ мерзімінен  
және тағылымдамадан өту  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

**Кандидаттың тағылымдамадан өту кезеңіндегі жеке тапсырмасы және жұмыс жоспары**

Бекітемін

гарнизонының (гарнизонның атауы )

бастығы

(әскери полиция органдының атауы)

(әскери атағы) (қолы) (Т.А.Ә. (ол  
болған кезде)

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
(елді мекен)

1. Жеке тапсырма

Кандидат \_\_\_\_\_

(запастағы әскери атағы, (Т.А.Ә. (ол болған кезде)

(жоспарланған лауазым мен бөлімше атауы)

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Кандидат \_\_\_\_\_

(запастағы әскери атағы, қолы, Т.А.Ә. (ол болған кезде)

Келісілген Бөлімше бастығы: \_\_\_\_\_

(әскери атағы) (қолы (Т.А.Ә. (ол болған кезде)

2. Жеке жұмыс жоспары

Кандидат \_\_\_\_\_

— (запастағы әскери атағы, Т.А.Ә. (ол болған кезде))  
\_\_\_\_\_

— (жоспарланған лауазым мен бөлімше атавы)

Күні	Іс-шара атавы	Бақылау нәтижелері

Тағылымдамадан өту нәтижелері бойынша қорытынды: \_\_\_\_\_  
—  
—  
—  
—  
—  
—  
—

Бөлімше бастығы:

— (әскери атағы) (қолы) (Т.А.Ә. (ол болған кезде))

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_

Тағылымдама нәтижелері бойынша қорытынды \_\_\_\_\_  
—  
—  
—  
—

— гарнизоннының  
(гарнизон атавы)

бастығы

— (әскери полиция органдарының атавы)

— (әскери атағы) (қолы) (Т.А.Ә. (ол болған кезде))

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_